

**ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ АРҚЫЛЫ
9-СЫНЫПТАРҒА ГЕОМЕТРИЯ КУРСЫНДАҒЫ
«ҰШБҰРЫШТАРДЫҢ ҰҚСАСТЫҚ БЕЛГІЛЕРІ» ТАҚЫРЫБЫН ӨТУ
ЕРЕКШЕЛІГІ**

Тәжібай Ердәуіт Дәуренұлы
Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің
магистранты

Аңдатпа

Негізінен жаңартылған білім жүйесі сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ –ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді қолдану болып табылады. Алғашында мұғалімдерге жаңартылған бағдарлама арқылы өту жат болғанымен, уақыт өте келе дәстүрлі білім беруге қарағанда тиімді екеніне көз жеткізді. Жаңартылған білім беруге сай сабақты өткізу үшін біліктілікті арттыру курстары және мұғалімдердің бір-бірімен тәжірибе алмасуы көп пайдасын тигізеді. Сондықтан да мен өз мақаламда оқушыларға геометрия сабағының, соның ішінде «ұқсас фигуралар» тақырыбын жаңартылған білім беру бағдарламасы арқылы өткізу ерекшелігімен бөліскім келеді.

Кілт сөздер: жаңартылған білім беру, әдіс-тәсілдер, ұқсас фигуралар

Жаңартылған бағдарламаға сай сабақты өткізу үшін ең бірінші ұзақ мерзімді жоспар (ҰМЖ) құрылады. ҰМЖ-да пәннің жыл бойы өткізілетін күнтізбелік тақырыптық жоспары жазылады. 9-сыныптарға геометрия сабағы аптасына екі сағат жылына 68 сағат өткізілуі керек. Соның ішінде «ұқсас фигуралар» тақырыбына бес сағат арналады. ҰМЖ құрылғаннан кейінгі келесі кезең қысқа мерзімді жоспар (ҚМЖ) дайындау.

Қысқа мерзімді сабақ жоспарын құрудың негізгі міндеттері:

1. сабақтың тақырыбы анықтау;
2. әр тақырыпты меңгерудің мақсаттары мен міндеттерін белгілеу;
3. оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін түрлі әдіс-тәсілдер қолдану;
4. уақытты үнемді және нәтижелі пайдаланудың жолдарын қарастыру;
5. жаңа тақырыпты қаншалықты меңгергенін анықтау үшін рефлексия ұйымдастыру.
6. сабақтың мазмұны бойынша қорытынды жасау;

7. оқушыларға өзін-өзі тексеруге және бағалауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар дайындау;

8. тақырыпты пысықтау үшін үй тапсырмасы әзірлеу.

Осы сегіз міндетке сүйене отырып ҚМЖ құрамыз.

Бөлім:	Жазықтықтағы фигураларды түрлендіру
Педагогтің аты-жөні:	Тәжібай Е.Д.
Күні:	
Сыныбы: 9	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Үшбұрыштардың ұқсастық белгілері
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты:	9.1.4.13 ұқсас фигуралардың анықтамасын және қасиетін білу; 9.1.4.14 үшбұрыштар ұқсастығы белгілерін білу және қолдану;
Сабақтың мақсаты:	<u>Барлық оқушылар үшін:</u> Білім алушылар жаңа сабақ бойынша ұқсас фигуралар ұғымын меңгереді. <u>Көпшілік оқушылар үшін:</u> Білім алушылар ұқсас фигураларға берілген есептермен танысады. <u>Кейбір оқушылар үшін:</u> Білім алушылар ұқсас фигураларға берілген есептерді сипаттап бере алады.

Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі/уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы Қызығушылықты ояту. 7 мин.	(Ұ). Ұйымдастыру кезеңі: 1.Мұғалім оқушыларды түгендейді. 2.Амандасады және тілектерін білдіреді.	1.Оқушылар мұғаліммен амандасады. 2. Сабаққа дайындалады. Мақсаты: Оқушылар бір-біріне тілек білдіреді, тыңдау дағдыларын дамытуға бағытталады, сондай-ақ барлық оқушылардың қатыстырылуы арқылы сабаққа белсенділігі артады.	Оқушылардың белсенділігі үшін «Жарайсың!», «Керемет!» деген сақтау сөздерімен бағалайды. Тиімділігі: Оқушылар бір-біріне тілек айту арқылы жақындасады, көңіл-күйін көтереді және бауырмалдығын оятады. Саралау: Бұл жерде саралаудың «Жіктеу» тәсілі көрінеді. Оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында	Оқулық, жұмыс дәптері, қалам, суреттері бейнеленген қима қағаздар топтамасы

			мүмкіндігінше оларға таңдау еркіндігі беріледі.	
Жаңа сабаққа кіріспе 5 мин.	(Ү) «Миға шабуыл» әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау. Оқушыларға жалпылама төмендегі сұрақтар және жаттығу түрлері беріледі. Сұрақтар: 1. Ұқсастық түрлендіруі дегенді қалай түсінесіңдер? 2. Ұқсастық түрлендірудің қандай ұсиеттерін білесіңдер?	1. Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасағаннан кейін мұғалім оқушыларға сабақтың тақырыбы, мақсатымен таныстырады. Мақсаты: Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлануды дамыту. Тиімділігі: оқушының танымдық дағдысы артады. Сонымен қатар оқушыға сабақтың өмірмен байланысын көрсетеді және сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтауға мүмкіндік береді.	Дескриптор: 1. Әр оқушы өз ойымен бөліседі. 2. Өзгенің пікірін толықтырады. Жалпы- 2 балл. Саралау: Бұл жерде саралаудың «Диалог және қолдау көрсету» тәсілі көрінеді. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады.	Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділік пен қатысқан оқушыға <u>«Жарайсың!»</u> деген мадақтау сөзімен ынталандыру айтылады.
Сабақтың ортасы Мағынаны ашу. 26 мин.	Оқулықтағы жаңа сабақтың мәтінін оқуға тапсырма береді. Үшбұрыштар теңдігінің үш белгісіне мысалдар келтіреді	1. Оқулықтан үшбұрыштар теңдігінің I, II, III белгілерін оқып танысып шығады. 2. Үш белгісін, дәлелдеулерін, салдарын және сызбаларын сызып жазып алады		Оқулық. Жұмыс дәптерлері
	Жаңа тақырыпты пысықтау мақсатында сұрақ қояды <i>Тең қабырғалы екі үшбұрыш өзара ұқсас бола ма?</i>	Оқушылар қойылған сұраққа жазған мәліметтерінен қарап, қол көтеріп жауап береді	Үшбұрыштар ұқсастығының үшінші белгісіне қарап жауап береді Жалпы - 1 балл	Оқулық. Жұмыс дәптерлері

	1- тапсырманы орындатады, бақылайды, мысал, үлгі көрсетеді.	1-тапсырма №343 есеп. (жұптық жұмыс) Егер екі үшбұрыштың қабырғалары сәйкесінше: 1) 1,2 м, 1,6 м, 2,4 м және 3 см, 4 см, 6 см; 2) 0,5 м, 0,6 м, 1 м және 10 см, 12 см, 15 см болса, онда бұл үшбұрыштар ұқсас бола ма?	Дескриптор: Метрмен берілген өлшемдерді сантиметрге айналдырып алады және үшбұрыштар ұқсастығының үшінші белгісін қолданып сәйкес қабырғаларының қатынасын табады Жалпы - 2 балл.	Оқулық. Жұмыс дәптерлері.
	2- тапсырманы орындатады, бақылайды, мысал, үлгі көрсетеді.	2-тапсырма №345 есеп (ауызша). Бір тік бұрышты үшбұрыштың сүйір бұрышы 40° -қа тең, ал екінші тік тұрышты үшбұрыштың сүйір бұрыштары: 1) 50° -қа; 2) 60° -қа тең болса, онда бұл үшбұрыштар ұқсас бола ма?	Дескриптор: Ұқсас үшбұрыштар теңдігінің бірінші белгісін қолданып, сәйкес бұрыштарын салыстырады. Жалпы - 2 балл	ДК экраны Оқулық. Жұмыс дәптерлері. Слайд.
	3- тапсырманы орындатады, бақылайды, мысал, үлгі көрсетеді.	3- тапсырма №346 есеп (жеке жұмыс). ABC және DEF үшбұрыштарында: 1) $\angle A = 36^\circ$, $\angle B = 34^\circ$, $\angle E = 110^\circ$, $\angle F = 34^\circ$ болса, онда бұл үшбұрыштар ұқсас бола ма?	Дескриптор: Сызбасын сызады, қалған бұрыштарын табады және ұқсас үшбұрыштар теңдігінің бірінші белгісін қолданып, сәйкес бұрыштарын салыстырады. Жалпы - 3 балл	
Сабақтың соңы Ой толған ыс. Рефлексия 7 мин.	«Бағдаршам» әдісі. Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды. Мақсаты: Оқушы алған білімін	Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсатына жеткізетін тапсырмалар орындауына қарай, өз түсінгенін, пікірін, өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды.	Мұғалім оқушыларды «Жапондық бағалау» әдісі арқылы бағалайды. Яғни <i>«Дұрыс келісемін», «Толықтырамын, басқа көзқарасым бар», «Менің сұрағым бар».</i> Сонымен қатар 1-10 баллдық жүйе	 «Бағдаршам» әдісі арқылы бағалау Толық түсінім Жартылай түсінім Түсінібесім

	саралай білуге дағдыланады. Tuімділігі: Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды. Саралау: Бұл кезеңде саралаудың «Қорытынды» тәсілі көрінеді. Үйге тапсырм №346 (2) есеп.		бойынша оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі бойынша бағаланады.	
Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз?	Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?	Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау		
«Диалог және қолдау көрсету», «Тапсырма», «Жіктеу». Саралау тапсырмаларды іріктеуді, белгілі бір оқушыдан күтілетін нәтижені, оқушыға жеке қолдау көрсетуде, оқу материалы мен ресурстарды оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып әзірлеуді қамтиды.	«Мадақтау сөзі» әдісі	Денсаулық сақтау технологиялары. Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолданамын. Осы сабақта қолданылатын Қауіпсіздік техникасы ережелерінің тармақтары орындалады.		
Жалпы бағалау Сабақтың қандай екі аспектісі жақсы өтті? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз. 1: 2: Сабақты жақсартуға не жәрдемдесер еді? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз. 1: 2: Сабақ кезінде, сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиыншылықтары туралы мен нені анықтадым? Келесі сабақтарда неге назар аудару керек? 1: 2:				

ҚМЖ алдын ала тексертіліп сабаққа дейін бекітіледі.

ҚМЖ-ның құрылымына осы уақытқа дейін бірнеше өзгерістер енгізілді, жоғарыда ұсынылған ҚМЖ соңғы №130 бұйрыққа сәйкес құрастырылған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Шыныбеков А.Н. Геометрия. 9-сынып. - Алматы: Атамұра, 2013. - 208 б.
2. Кері байланыс беру үшін 5-9 сыныптар оқу пәндерінің оқу мақсаттарына сәйкес рубрикаларды құрастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. –Нұр-сұлтан қ.: БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2019.- 200 б.
3. Рахатова К.Ж., Бексултанова И.И. – Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау: жас ұстаздарға арналған әдістемелік құрал.